

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## «Үй жануарлары жылқы және есек»

ЖАРИЯЛАНДЫ  
16.11.2019СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/63150/

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Байбатырова Анар****Күні:**05.11.2019ж**Білім беру саласы:** Шығармашылық.**Білім беру саласы:** Таным**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Жаратылыстану**Тақырыбы:** «Үй жануарлары жылқы және есек»**Мақсат- міндеттері:**

- ü Меңгерген үй жануарлары түйе, сиыр, ешкі туралы түсініктерін кеңейте отырып, жылқы және есекпен таныстыру.
- ü Жылқы мен есектің ұқсастықтарымен айырмашылығы туралы түсініп айтып беруге үйрету.
- ü Жануарлардың тіршілігі адамның қамқорлығына, күтіміне зәру екендігі туралы ұғымды қалыптастыра отырып, қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілдер:**түсіндіру, көрсету, әңгімелеу, жұмбақтар, ойындар.**Алдын-ала жүргізілетін жұмыстар:**үй жануарлары туралы әңгімелесу.**Көрнекіліктер:** ойынға арналған екі бірдей жануар бейнеленген суреттер, үй жануарларының қиынды суреттері, ватман.**Билингвалдық компонент:**жылқы- лошадь, жылқы- horse  
есек- осел, есек- dunkey.

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті.
Мотивациялық-қозғаушылық	<b>Шаттық шеңбері:</b> Балалар , мен сендерді әдеттегідей шаттық шеңберіне шақырамын. Қуан, шаттан! Қуан, шаттан! Қуанатын күн, бүгін, Қайырлы таң, Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін!	Балалар шаттық шеңберіне тұрып, ұимылдар жасай отырып өлең жолдарын айтады.

<p>Іздену-ұйымдастырушы</p>	<p>Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады. Кезікті бір жануар, Үстінде екі тауы бар. Ол қай жануар? Басында таяғы бар, Сегізтуяғы бар, Иегінде сақалы бар. Мүйізі айдай иілген, Мұрынын көкке шүйірген. Мінсең – желдей жүйткіді, Көңілің таудай өседі. Алып ұшар алысқа, «Ер қанаты» деседі. Балалар, сендерге қандай жануарлар туралы жұмбақ жасырдым? Балаларға жылқы мен есектің суреттері көрсетіледі. <b>Сергітүсәті:</b> Құлыншағым - құндызым, құлдырайды шабады. Жылтылдаған жұлдызым, Құстай қанат қағады.</p> <p>Балалар, бұл жануарлар малдың ішіндегі ірі жануарларға жатады. -Екеуінің айырмашылығы бар ма? Екеуі бір-біріне түрлері жағынан ұсайды, айырмашылығы жылқының бойы ұзын, жылдам жүгіреді, етін, терісін, жүнін керекке жаратады. Ал есектің бойы аласа, жай жүреді, оның етін, терісін керемімізге жаратуға болмайды. Екеуінде көлік ретінде қолданады. Олар көбінесе ауылдық жерлерде көп болады. Жылқының төлін қалай атайды? Есектің төлін қалай айтады? <b>Логикалық ойын:</b> «Төлін тап» Ойын шарты: Үй жануарлардың төлін тауып қораптарға орналастыру. <b>Билингвалдық компонент:</b> жылқы- лошадь, жылқы- horse. есек- осел, есек- dunkey. -Балалар осы жануарлардың аттарын үш тілде айтып үйренейікші.</p> <p><b>Жұмбақ жасыру</b> 1.Кішкене ғана бойы бар Айналдырып киген тоны бар. Қане, балалар ендеше қойдың дыбысын салыңдаршы. 2.Кезекті бір жануар Үстінде екі тауы бар 3.Басында екі таяғы бар Төрт аяғы бар Бірақ тағы сақалы бар 4.Екі айнасы бар Екі найзасы бар Төрт жылтырмағы бар Бір шыпыртқысы бар 5.Екеуі елденеп келеді Төртеуі төбенесіп келеді</p>	<p>Түйе</p> <p>Ешкі</p> <p>Сиыр</p> <p>Ат</p> <p>Үй жануарлары.</p> <p>Балалар суреттеріне қарап отырып танысады.</p> <p>Қимыл-қозғалыс арқылы орындайды</p> <p>Балалар тәрбиешімен бірге орындайды.</p> <p>Балалар суретке қарап жануарлардың суретін тауып орналастырады. Бірінші орталықтағы балалар түсі мен көлеміне т.б. қарай жануарлардың дене бөліктерін құрастырады.</p> <p>Құлыншақ Қодық</p> <p>Балалар үш тілде айтады, жылқы- лошадь, жылқы- horse. есек- осел, есек- dunkey.</p> <p>-Қой</p> <p>-Қой — мә — мә маңырайды</p> <p>Түйе — бө — бө боздайды</p> <p>-Ешкі Ешкі — бе — бе бақырады</p> <p>-Сиыр Сиыр — мә — мә меңірейді</p> <p>— Жылқы — е — е е кісінейді</p>
-----------------------------	---	--

Рефлексивті-коррекциялаушы	Тәрбиеші балалардан бүгінгі жыннан алған әсерлерін, көңіл-күйлерін, немен айналысқандарын, не үйренгендерін сұрайды. -Осы жануарларды үш тілде қалай айтамыз? Есек қандай болады? Жылқы қандай болады? Қандай айырмашылықтарын ажырата алдық?	Койылған сұрақтарға жауап беріп, пікірлерін айтады. жылқы- лошадь, жылқы- horse. есек- осел, есек- dunkey.
----------------------------	---	--

### **Күтілетін нәтиже:**

**Неңі біледі:** Ұй жануарларының тіршілік әрекеті туралы, сипаттап беруді білді;

**Қандай түсініктерді игерді:** Жылқы мен есекті танып, ұқсастықтарымен айырмашылығын салыстырмалы түрде сипаттап айтуды, тіршілігі, қорегі, адамға келтіретін пайдасы туралы түсініктерін игерді.

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Жылқы мен есектің адамның қамқорлығына, күтіміне зәру екендігі туралы ұғымды игереді, қамқорлықпен қарауды меңгерді.

### **Күні: 04.11.16ж**

1. Дене шынықтыру (Пән мұғалімінің жоспары бойынша)

2. Музыка (Пән мұғалімінің жоспары бойынша)

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.